

Шымкент қаласының білім басқармасының
№117 «Алтынтобе» жалпы
орта білім беретін мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі

160600 Шымкент қаласы, 293 кв, 5 ғимарат
тел: 8(7252)28-08-60
E-mail zhanbyrshy53 @ mail. ru

Коммунальное государственное
учреждение
«Общеобразовательная средняя
школа №117 Алтынтобе»
управление образования города

Шымкент
160600 город Шымкент, 293 кв здания 5
тел: 8(7252)28-08-60
E-mail zhanbyrshy53 @ mail. ru

Бұйрық №130 н/к
2023 жыл 02 қазан
Шымкент қаласы

Приказ №130
2023 год 02 октябрь
город Шымкент

«Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы»
жұмысын ұйымдастыру, қызметін жүзеге асыру туралы

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің төрағалығымен өткен кеңестің 2023 жылғы 4 қыркүйектегі №28 хаттамасының 2.4 тармағын, «2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хатын, Шымкент қаласы білім басқармасының 02.10.2023 жылғы № 10-07-07/5208 хатын басшылыққа ала отырып, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2023-2024 оқу жылында мектепте «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» (әрі қарай Орталық) жұмысы ұйымдастырылсын.
2. Төмендегі функционалды міндеттермен қоса мектептің ішкі тәртібі бекітілсін:
 - 2.1 Орталық қызметіне басшылық жасау және бақылау мектеп директорына жүктелсін;
 - 2.2 Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарына:
 - ата-аналар, білім алушылар мен педагогтердің мониторингке қатысуын қамтамасыз ету;
 - Орталық аясында өтетін сабақтардың кестесін жасап, бекіту.
 - Орталық қызметі туралы ақпаратты жоғары уәкілетті органдарға уақытылы жеткізу жүктелсін.
 - 2.2 Директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасарына:
 - Орталық қызметін ұйымдастыруда оқу кабинеттерін педагогтерге бекіту, ата-аналармен сабақ өтуі үшін қажетті жабдықтармен қамтамасыз ету, техникалық қызметкерлердің жауапкершілігін күшейту, сабақ өтуі барысында санитарлық-гигиеналық талаптар мен мектепке бөгде адамдардың кірмеуін қамтамасыз ету жүктелсін;
 - 2.3 Мектеп кітапханашысына: педагогтер мен сынып жетекшілерге ата-аналармен сабақ өтуге қажетті әдебиеттермен қамтамасыз ету жүктелсін.
- 3 2023-2024 оқу жылына Орталық сабақтарының Бағдарламасы вариативті компонентті таңдау мүмкіндігімен және ата-аналарға сабақ беру бағдарламасының 20-30% әзірлемесі құрастырылып, контенттің мазмұнын сапалы құрылсын, педагогикалық кеңес отырысында бекітілсін.
- 4 Орталық жұмысы мектептің тәрбие жоспарына «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» қызметі негізінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттесуі» жаңа бағыты енгізілсін.
- 5 Орталық қызметін мектепшілік бақылауға алу, мектепшілік бақылау жоспарының бөліміне, тармағына өзгерістер енгізу мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Ж.Сатханбаева жүктелсін.
- 6 Орталық жұмысы аясында «Даналық мектебі» клубының жұмысы ұйымдастырылсын.

7. Педагогтерге ата-аналарға арналған сабақ бағдарламасының вариативті компонентінің әзірлемесін құрастыруға әдістемелік қолдау көрсету директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Тіленге жүктелсін.

8. Орталықтың жұмысының мақсаты мен міндеттері туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізу, ата-аналардың қатысуын қамтамасыз ету, ата-аналар жиналыстарында Орталық жұмысының тәжірибесімен таныстыру сынып жетекшілерге, Орталықтың жұмыс тобына жүктелсін.

9. Орталық қызметі туралы БАҚ мен әлеуметтік желілерде, мектеп сайтында жариялансын, бірлескен табысты тәжірибе таратылып, Орталық қызметіне мектептің өзін-өзі басқару ұйымы, қоғамдық ұйымдар мен мектептің Қамқоршылық кеңесі, әлеуметтік серіктестер мен демеушілер тартылсын.

10. Мектеп әкімшілігі мен педагогикалық ұжым ата-аналардың аудандық, қалалық, республикалық форумында тәжірибе таратуға және Орталық қызметінің нәтижелігін арттыру бойынша жұмыстарға белсене қатыссын.

11. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау өзіме қалдырылсын.

Қосымша 1 парақ:

Біліктілікті арттыру курстарынан өткен және шығармашыл педагогтер арасынан Орталық қызметін қамтамасыз ететін жұмыс тобының құрамы


1. А.Қамбарова – мектеп директоры;
2. А.Тілен – директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары;
3. Қ.Әліқұл – ата – аналар кеңесінің төрағасы;
4. К.Сманова – ағылшын тілі мұғалімі;
5. П.Мамашова – информатика пәні мұғалімі;
6. М.Асельбаева – педагог – психолог;
7. У.Қалмырзаева – әлеуметтік педагог;
8. Ж.Укибаева – педагог – ұйымдастырушы;
9. Л.Амирбекова – тәлімгер;

Мектеп директоры:  А.А.Қамбарова



Орындаған: А. Тілен

тел: 28 – 08 – 60

Бекітемін
Мектеп директоры

А.А.Қамбарова

**№117 «Алтынтөбе» жалпы орта білім беретін мектебінің
ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының жоспары
2023-2024 оқу жылы**

№	Тақырыбы	Мазмұны	Мерзімі	Жауапты
1-4 СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ АТА-АНАЛАРЫН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ БАҒДАРЛАМАСЫ				
1	Отбасы - бақыт бөсігі Ата-ана өмірінің басты мақсаты бақытты адам тәрбиелеу	1. Балалардың әл-ауқаты оның бақытты өмірінің негізі 2. Ата-ананың баланың әл-ауқатына жауапкершілігі 3. Кішкентай балалардың жас және әлеуметтік ерекшеліктері 4. Отбасында жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру: ата-ананың балаға назар аударуы, қолдау, позитивті қарым-қатынас, өзара түсіністік, сенімге құрылған қарым-қатынас 5. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға негізделген отбасылық тәрбие әдістері	Қазан	Ж.Укибаева П.Мамашова А.Айдаршаева Педагог – психолог М.Асельбаева
2	Білімдіге дүние жарық. Таным қуанышы: баланың қызыға оқуына қалай көмектесеміз?	1. Баланың жеке басын дамытудағы мектепке бейімделуінің маңызы 2. Баланың танымдық қабілеттерінің даму деңгейін және мектепке бейімделуін диагностикалау 3. Баланың есте сақтау қабілетін, зейінін, ойлауын және қарым-қатынас жасау дағдыларын ұлттық мәдениет негізінде дамыту әдістері 4. Үй тапсырмасы: көмектесеміз бе әлде... 5. Балалардың оқуға қызығушылығын арттыру үшін	Қараша	Ж.Укибаева П.Мамашова Ж.Алшынбаева

	отбасы мен мектептің өзара әрекеті			
3.	Әрбір бала – жарық жұлдыз Әр баланың ерекшелігін қалай ашамыз?	1. Баланың ерік-жігері мен мінезін ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеу 2. Баланың оқуына, мінез-құлқына және жасауына қарым-қатынас жасауына темпераменттің әсері. Баланың жақсысы-сүйініш, жаманы-күйініш. 3. Баланың даралығын темпераментіне сәйкес қалай ашуға болады? 4. Әр баланың бірегейлігін ашудағы отбасы мен мектептің өзара әрекеті.	Желтоқсан	Ж.Укибаева П.Мамашова А.Едигеева
4.	Баланы жастан... Бала бойындағы тапқырлық пен эрудицияны қалай дамытуға болады?	1. Ойындар – баланы дамытудың негізгі құралы. 2. Интеллектуалды ойындар және олардың бала бойындағы тапқырлық пен эрудицияны дамытуға әсері. 3. Балалар мен ата-аналарға арналған ұлттық және отбасылық интеллектуалдық ойындар. 4. Баланың тапқырлығы мен эрудициясын дамытуда отбасы мен мектептің өзара әрекеті.	Қаңтар	Ж.Укибаева П.Мамашова М.Асельбаева
5.	Құмар ойындары – тәуелділік қалпаны Балалардың компьютерлік ойындарға тәуелділігін қалай жеңуге болады?	1. Компьютерлік ойындардың баланың психикасына әсері 2. Интернетті пайдалану режимін сақтау 3. Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен. Баланы ойынға тәуелділіктен қалай қорғауға болады? 4. Компьютерлік ойындарға балама ретінде: спорт, белсенді ойындар, шығармашылық, оқу, серуендеу, театр және т. б.	Ақпан	Ж.Укибаева П.Мамашова С.Шыңдалнева
6.	Сенім арту - жетістік кепілі Қиын жағдайда баланы қалай	1. Бала өміріндегі қиындықтар 2. Агрессия, өтірік айту, ашулану және басқа қиын жағдайлардағы баланың сезімі. Әдептілік, ар-ұят – адамдықтың белгісі. Тұрпайы мінез, жат қылық – наландықтың белгісі.	Наурыз	Ж.Укибаева П.Мамашова М.Асельбаева

	қолдау керек?	3. Қиын жағдайға қалған балаға түсіністікпен қарау 4. Қиын жағдайға қалған баланы қолдаудың тиімді жолдары 5. Жағдайды шешуде баланың күшті жақтарына сүйену		
7.	Әкені көріп ұл өсер, шешені көріп қыз өсер Балаға үлгі көрсету	1. Отбасында уақытты бірге өткізудің пайдасы. 2. Ата-ананың күнделікті өмірде үлгі болатын маңызды қасиеттері. 3. Балаға жақсы әдеттерді үйрету. 4. Уәдесін орындау – ата-ананың ең басты қағидасы. 5. Балапан ұядан не көрсе, ұшқанда соны іледі.	Сәуір	Ж.Укибаева П.Мамашова М.Асельбаева
8.	Тәлімменен өрілген біздің дәстүр Дәстүрлер отбасылық әл ауқаттың негізі ретінде	1. Отбасылық дәстүрлердің өзектілігі. Отбасылық дәстүрлер – отбасындағы қарым-қатынасты нығайтудың, сенімнің, сүйіспеншіліктің көрінісі 2. Тәрбие тәлімнен. Тату үйдің тамағы тәтті. Отбасылық дәстүрлер мен хоббиердің отбасының бірлігіне ықпалы 3. Отбасылық дәстүрлерді әдетке айналдыру жолдарын үйрету: практикалық әдістер 4. Мектеп пен ата-аналардың отбасылық дәстүрлерді сақтаудағы өзара байланысы, өзара құрмет және жаңа дәстүрлер қалыптастыру 5. Ұлттық дәстүрлер мен отбасылық дәстүрлердің сабақтастығы	Мамыр	Ж.Укибаева П.Мамашова Х.Умирбаева Ш.Тұрлыбаева
5-9 СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ АТА-АНАЛАРЫН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ БАҒДАРЛАМАСЫ				
1	Баланың бас ұстазы – ата-ана Позитивті тәрбие	1. Жасөспірімдердің жас және әлеуметтік ерекшеліктері 2. Ата-ананың бала тәрбиелеудегі міндеті – қателіктерді, кемшіліктерді, ауытқуларды түзету емес, жасөспірімге оң әсер ету 3. Позитивті ата-ананың ерекшеліктері: жағымсыз көңіл-күйден жағымды эмоциялардың басым болуы; жасөспірімнің бойындағы ізгі қасиеттерге назар аудару,	Қазан	Л.Амирбекова К.Сманова А.Мамасерипова

		күшті және жағымды мінез-құлық қасиеттерін дамыту 4. Позитивті тәрбиенің принциптері мен ережелері. Позитивті тәрбиенің ұлттық бастаулары 5. Ата-ананың позитивті тәрбие нәтижесіне қанағаттануы және психологиялық саулық		
2	Ақыл айтпа, жол көрсет Жасөспірімнің бейімделуі	1. Жасөспірімнің физиологиялық (тұрғыда) бейімделуі, оның іс-әрекетін жақсарту жағдайлары. Ұлттық тамақтану мәдениеті - жасөспірімнің физиологиялық бейімделуінің мүмкіндігі 2. Жасөспірімнің әлеуметтік-психологиялық бейімделуі: негізгі қиындықтар 3. Өзінді өзін сыйламасаң, өзгеден сый дәметпе. Бейімделу процесіне жасөспірімнің өзін-өзі бағалауының әсері 4. Жасөспірімнің отбасындағы қарым-қатынас дағдыларын дамыту 5. Жасөспірімнің табысты әлеуметтенуіндегі отбасы мен мектептің өзара әрекеттесуі	Қараша	Л.Амирбекова К.Сманова М.Асельбаева
3	Балаға үйрету: ақылдың мейірімге орап бер Бала жүрегіне жол табу	1. Мүшел жас. Жасөспірімнің жастық дағдарыстары, олардың көріністерінен шығу жолдары 2. Ата-аналар мен балалардың ортақ мүдделері – олардың өзара түсіністігінің негізі 3. Жасөспіріммен қалай қарым-қатынас жасау керек, конструктивті келіссөздер 4. Бір күндік ұрыстың қырық күндік қырсығы бар. Жанжал және оларды шешу жолдары 5. Ата-ана мен бала арасындағы эмоционалдық байланысты сақтаудың шарты - кешіре білу	Желтоқсан	Л.Амирбекова К.Сманова Д.Усипбаева
4	Бұлақ көрсен, көзін аш.	1. Отбасы жағдайында жасөспірімнің шығармашылық ойлауын дамыту әдістері 2. Ертегі ойлап табуға үйрету	Қаңтар	Л.Амирбекова К.Сманова С.Бабашева

Баланың шығармашылық қабілетін дамыту	3. Қазіргі отбасында балалар шығармашылығын дамытудағы ұлттық ойындардың маңызы 4. Балалармен жүргізілетін шығармашылық әрекеттің тиімділігін арттыру 5. Шығармашыл тұлғаны дамыту үшін отбасы мен мектептің өзара әрекеттесуі		
5. Ақпараттан ақ-қараны ажырату өнері. Жасөспірімнің желідегі әрекеті	1. Интернет және жасөспірімнің желідегі әрекетінің формалары 2. Жеткіншектердің интернетті пайдалануы: проблемалар, салдары және мүмкіндіктері 3. Ата-ананың жасөспірімді кибербуллингтен және интернет кеністігіндегі қауіпті көздерден қорғау алгоритмі 4. «Болар елдің баласы бірін-бірі батыр дер...» Желідегі жасөспірімнің мінез-құлқына тәрбиенің әсері 5. Жасөспірімнің ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша мектеп пен ата-ананың өзара әрекеті	Ақпан	Л.Амирбекова К.Сманова Ш.Есжанова
6. «Әр нәрсенің өлшемі бар...» «Қажеттілік» пен «қалау» арасындағы тепе-теңдікті қалай сақтауға болады	1. Жасөспірімнің қажеттіліктері мен қалаулары 2. Жасөспірім бойындағы қиын мінез-құлықтың белгілері 3. Жағымсыз эмоциялармен жұмыс істеу алгоритмі 4. Ашу - дұшпан, ақыл - дос. Өзін-өзі реттеу жолдары 5. Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу	Наурыз	Л.Амирбекова К.Сманова М.Асельбаева
7. Жасөспірімдермен қарым-қатынас құпиялары Жасөспірім мінезінің	1. Жасөспірімнің өміріндегі ең маңызды нәрсе - достық 2. Қазіргі балалардың достығы. Жасөспірім субмәдениеттері 3. Жасөспірімдер арасындағы қақтығыстар. Қорқыту. Өлеңсіз өскен аламан, тәртіппен өскен тал жақсы 4. Ата-аналардың мінез-құлық стратегиялары 5. «Қабылдау», «құрметтеу», «шынайылық» сияқты ұлттық	Сәуір	Л.Амирбекова К.Сманова Ш.Маманова

ерекшеліктері	құндылықтар – адамдар арасындағы жағымды қарым-қатынастың негізі		
8. Отбасы құндылығы - сарқылмас казына Құндылықтар - отбасы бақытының негізі	1. Отбасылық құндылықтарды қолданудың өзектілігі 2. «Көңіл кең болса, үйдің тарлығы білінбес»: Қонақжайлылық - отбасы құндылықтарының негізі 3. «Мейірімді ата - Мейірімді бала». Ұлттық құндылықтарды отбасында қалыптастыру және сақтау жолдары. 4. Бабалар дәстүрі - ұрпаққа өсиеті - отбасының құндылығы ретінде ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан дәстүрлерді талқылау және қолдану 5. Жасөспірімдер арасында ұлттық құндылықтарды сақтауда мектеп пен ата-ананың өзара әрекетінің маңызы	Мамыр	Л.Амирбекова К.Сманова Ж.Айдарова
10-11 СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ АТА-АНАЛАРЫН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ БАҒДАРЛАМАСЫ			
1. Боламын деген баланың бетін қакпа, белін бу... Адамгершілік құндылықтар негізінде тәрбиелеу - тұлға қалыптасуының негізі	1. Жоғарғы сынып оқушыларының жас және әлеуметтік ерекшеліктері 2. Позитивті ата-ана тәрбиесі – жоғары сынып оқушысының өз болашағын өз бетінше құруға қалауы мен қабілетін қолдау 3. Тұлға дамуының негізі – өз бетінше әрекет ету 4. Ұлттық этика негізінде заман талабына сай өзін-өзі тәрбиелеу әдістері	Қазан	А.Тілен К.Сманова
2. Көркем мінез – баға жетпес байлық Эмоционалды интеллект – табысты тұлғаның	1. Эмоционалды интеллект және оның адам өміріне әсері 2. Эмоционалды интеллекттің құрылымдық компоненттері: өзін-өзі тану, өзін-өзі реттеу, эмпатия, қарым-қатынас жасау, (шешім қабылдау) 3. Күйзеліс кезіндегі мінез-құлық алгоритмдері мен тиімді тәсілдер 4. Өсіп келе жатқан балалармен қарым-қатынас мәдениеті	Қараша	Педагог – психолог М.Асельбаева

негізі 3. Сен жанбасан лапылдап... Балаға мамандық таңдауға қалай көмектесуге болады?	5.Сезім көрінісіндегі ұлттық ерекшеліктер 1. Кәсіп - өзін-өзі жүзеге асырудың негізі 2. Темперамент, қабілет, мінездің ерекшеліктерін ашу – өзін көрсетудің кілті 3. <i>Ұлы жол үйінің табалдырығынан басталады.</i> Балаңызға мамандық пен кәсіп түрлерін таңдауда қалай көмектесуге болады 4. Жоғары сынып оқушысының болашағын анықтауына кедергі болатын қиындықтар 5. Бойындағы бейімділікті дәл табу - өмірдегі бақыт пен табыстың негізі	Желтоқсан	Г.Шотанова Г.Сансызбаева
4. Құмарлыққа бой алдыру – тәуелділік құрдымы Жоғары сынып оқушыларының дамуындағы тәуекел аймақтары	1. Тәуелділік түрлері (тамақ, алкоголь, есірткі, химиялық заттар, вейп, құмар ойындар және т.б.) 2. Оқушы бойындағы тәуелділіктің белгілері 3. <i>Сынықтан өзгенің бәрі жүғады.</i> Тәуелділіктің алдын алу шаралары 4. Тәуелділіктің алдын алуда отбасы мен мектептің өзара әрекеттесуі	Қаңтар	А.Тілен Л.Амирбекова
5. Жаксыдан қашпа, жаманға баспа... Әлеуметтік желілер және гадамтор кеңістігі: жоғары сынып оқушыларының қауіпсіздігі	1. Жоғарғы сынып оқушыларының интернет қауіпсіздігі 2. Жоғарғы сынып оқушыларының ойынға тәуелділігін диагностикалау 3. Жоғарғы сынып оқушыларының әлеуметтік желілер мен интернетке тәуелді мінез-құлқы 4. Интернетке тәуелділіктің алдын алу шаралары 5. Әлеуметтік желілер мен интернет кеңістігіне тәуелділіктің алдын алу бойынша отбасы мен мектептің өзара әрекеті	Ақпан	П.Маманова К.Сманова

6. Күйзелістен шығар жол Күйзелісті жеңуге көмектесеміз	1. <i>Көңіл жақсы болғаны – өмір жақсы болғаны.</i> Сіздің ресурстық жағдайыңызды қалай қолдауға болады. Стресстен арылу әдістері 2. Эмоцияны бақылау – стресстен, күйзелістен шығудың жолы 3. Агрессия, депрессия, суицидтік мінез-құлық және стресстің басқа да экстремалды көріністері 4. Қателесу - тәжірибе жинауға мүмкіндік береді 5. Баланың күйзеліске төзімділігін қамтамасыз етудегі мектеп пен отбасының өзара әрекеті	Наурыз	Педагог – психолог М.Асельбаева Әлеуметтік педагог М.Мырзалиева
7. Сүйіспеншілік – сыйластық кілті Махаббат татулықтың негізі	1. Махаббат - отбасындағы эмоционалды тепе-теңдіктің негізі. 2. <i>«Айналайын»</i> ұғымы, отбасында балаға жан-жақты қолдау көрсету 3. Эмоцияны білдірудегі шынайылық. Эмоционалды манипуляция. 4. Жоғары сынып оқушысымен «арнайы» тақырыптарда қалай сөйлесуге болады	Сәуір	К.Сманова П.Мамашова М.Асельбаева
8. Атадан өсиет, анадан қасиет Ұрпақтан ұрпаққа берілетін отбасылық дәстүрлер мен құндылықтары	1. Халық дәстүрі мен отбасы дәстүрінің байланысы. Ұрпақтар сабақтастығы алдыңғы ұрпақтан жастарға білім, құндылықтар, көзқарастар мен дәстүрлердің берілуі 2. <i>Ананың ізін қыз басар, атаның ізін ұл басар.</i> Әке мен ананың отбасындағы рөлі 3. Отбасы тәрбиесінде міндетті түрде ескерілетін мәселе - қазіргі балалардың даму ерекшеліктері 4. Қазіргі құбылмалы қоғамда отбасылық дәстүрлерді сақтау	Мамыр	Л.Амирбекова Ж.Укибаева

Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары



А.Тілен